

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Дипломатия институты

қолжазба құқығында


Жунусбеков Нурлан Уалиханович

ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ
САЛАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

«7М031 Әлеуметтік ғалымдар» дайындық бағыты бойынша

«7М03111 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:  Мажиденова Дарико Магауияновна,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «10» маусым 2022 ж.

Дипломатия институтының директоры  Абишева Мариан Асаровна,
саяси ғылымдарының кандидаты

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	8
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	9
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	
1 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ	
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ РӨЛІ.....	10
1.1 Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты зерттеудің теориялық	
аспектілері.....	10
1.2 Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі халықаралық	
қатынастарға ықпалы.....	13
2 ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ	
САЛАДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.....	18
2.1 Түркі мемлекеттерінің интеграциялық процестері.....	18
2.2 Түркітілдес мемлекеттердің мәдени-гуманитарлық саладағы	
байланыстары.....	28
2.3 Қазақстанның түркі елдерімен мәдени-гуманитарлық саладағы	
ынтымақтастығы.....	36
ҚОРЫТЫНДЫ.....	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	43
ҚОСЫМША 1.....	50

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. «ҚР сыртқы саясатының 2020 - 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы.

2. «ҚР Үкіметі және Халықаралық Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі жөніндегі келісімге қол қою» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 11 қарашадағы № 751 Қаулысы.

3. «ҚР Үкіметі мен Халықаралық Түркі академиясы арасындағы Түркі академиясын орналастырудың шарттары және тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР 2022 жылғы 3 мамырдағы № 177-VII Заңы.

4. «Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісім ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 341-IV Заңы.

5. «Түркі мәдениеті және мұрасы қорының жарғысын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 тамыздағы № 864 Қаулысы.

6. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы.
ТМЫК немесе Түркі кеңесі	– Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі.
ТМҰ	– Түркі мемлекеттер ұйымы.
ТүркПА	– Түркі Парламенттік Ассамблеясы.
ТҮРКСОЙ	– Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы.
ХТА	– Халықаралық түркі академиясы.
ТММҚ	– Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры.
ЮНЕСКО	– Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы.
ИСЕСКО	– Білім, ғылым және мәдениет істері жөніндегі ислам ұйымы.
АСЕАН	– Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы.
ЕО	– Еуропалық Одақ.
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тақырыптың өзектілігі мәдениетаралық коммуникацияның аздап дамығандығына байланысты, яғни оның ішінде: түркі елдерінің барлығы әлі күнге дейін толық латын әліпбиіне көшпегендігі (Қазақстан мен Қырғызстан), Түркіаралық бірыңғай ақпараттық кеңістіктің жоқтығы (Euronews пен МИР телеарналары сияқты), Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберінде түркі елдері арасында білім беру грантын бөлу жөніндегі бірыңғай жүйенің болмауы.

1991 жылы бірқатар түрк мемлекеттері тәуелсіздік алған соң, түбі бір, тарихы, діні, тілі бір туысқан елдер арасында мәдени, саяси және экономикалық қатынастар қарқынды дами бастады. Қазір түрк халықтары алты тәуелсіз республикада тұрады, атап айтқанда Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан. Сондай-ақ, қазіргі таңда түрк халықтары басқа мемлекеттер құрамындағы автономиялық республикада, аудан, провинция, аймақтарда да тұрып жатыр.

Түркі елдері мыңдаған жылдар бойы мәдениет пен өркениеттің орталығы болды. Түркітілдес елдер арасындағы байланысты нығайту, сауда-экономикалық, көлік, энергетика, туризм, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі күш-жігерді үйлестіру мақсатында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі 2009 жылы құрылған. Кеңес құрамына Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия кірді. Өзбекстан ұйымға 2019 жылы ғана қосылды. Өзбекстан қосылғаннан кейін Түркі кеңесі Еуразия орталығындағы халық саны жағынан ғана емес, әлеуеті мен маңызы жағынан да бұдан да үлкен құрылымға айналды. Қазіргі таңда, Мажарстан мен Түрікменстан бақылаушы мәртебесіне ие. 2021 жылғы қарашада Түркі мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің саммитінде Түркі кеңесінің атауы Түркі мемлекеттер ұйымы болып өзгертілді. Саммит қорытындысы бойынша Ыстамбұл декларациясы қабылданды. Сонымен қатар, Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы бекітіліп, Түркі мемлекеттері ұйымының даму болашағы айқындалды [1]. Демек, Түркі кеңесінен Түркі мемлекеттер ұйымына айналуы, ол бұл интеграцияның өзектілігін көрсетеді. Яғни, Түркі мемлекеттері ұйымы белсенді түрде дамып, нығая түседі деп күтілуде.

Осылайша, түркі тілдес мемлекеттер ынтымағының жаңа кезеңі басталды. Мұның бәрі шартараптың түкпір-түкпіріндегі алпауыт елдермен және өңірдегі ықпалды мемлекеттермен тең дәрежелі әрі тиімді ынтымақтастық орнату жолында жасалған жұмыстардың бір парасы ғана.

2021 жылғы 12 қарашада Ыстанбұлда өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің 8-ші саммитінде «Тұтас түркі халқын тарихи тамырластығы мен ортақ мүддесі біріктіреді. Біз бір-бірімізге әрдайым тілектеспіз, сыйластығымыз да ерекше. Бүгінгі алқалы жиын – осының айқын дәлелі. Түркі кеңесінің ықпалы мен беделі жыл өткен сайын артып келеді.» - деп мәлімдеді ҚР Президенті Қ. Тоқаев [2].

Түркия Президенті Режеп Ердоған Ыстамбұл саммитінің қорытындысын түркі әлемінің мәңгілік және мызғымас бауырластығының тағы бір символы деп атады. Сондай-ақ, Р. Ердоған саммит қорытындысы бойынша қабылданған Ыстамбұл декларациясында Түркі мемлекеттері саяси ынтымақтастықты, экономикалық ынтымақтастық пен сауданы, мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамытуға бел байлағанын атап өтті [3].

Бұл ұйымның құрамына Мемлекет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Аға шенеуніктердің комитеті, Түркітілдес мемлекеттердің ақсақалдар кеңесі кіреді, оның хатшылығы Ыстамбұлда орналасқан. Бүгінгі таңда түркітілдес мемлекеттерде тұратын халықтардың жалпы саны 150 миллионнан асады. Мүше мемлекеттердің аумағы 4 миллион шаршы шақырымға жуық [4].

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Өзбекстанның ұйымға қосылуы табиғи тарихи үдерістердің көрінісі екенін атап өтті. Өзбекстан Президенті мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтіп, Түркі кеңесіне мүше елдердің әрқайсысының ана тілінде «Түркі әдебиетінің қазынасы» сериясын шығаруды ұсынған болатын [4]. Демек, қазіргі уақытта түркітілдес елдердің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы өзекті болып табылады және түркі интеграциясы Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі векторлардың бірі. Сондай-ақ, 2020 жылы ҚР Президенті Қ.Тоқаев Қазақстанның сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын. Соған сәйкес, халықаралық стратегиямыздың қағидаттары және бағыт-бағдары өзгермейтіні нақтыланды. Еліміздің ұлттық мүддесін қорғай отырып, сыртқы саяси, мәдени-гуманитарлық және экономикалық басымдықтарды ілгерілетуге басты назар аударылуда.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты болып жаһандық даму жағдайында түркітілдес мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық саладағы өзара ынтымақтастық мәселелерін тиімді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Алдымызға қойған мақсатқа байланысты мынадай **міндеттерді** жүзеге асыру көзделеді:

- Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қалыптасуы мен қазіргі рөліне теориялық тұрғыдан шолу жасау;
- Түркі мемлекеттерінің интеграциялық процестерін зерттеу;
- Түркітілдес мемлекеттердің мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстарын анықтау;
- Қазақстанның түркі елдерімен мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығына шолу жасау.

Зерттеу объектісі. Магистрлік жобаның зерттеу объектісі болып Түркітілдес мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығын зерттеу болып табылады.

Зерттеу пәні болып мәдени-гуманитарлық саласында түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын айқындау. Сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық саласында Қазақстанның түркі елдерімен өзара қарым-қатынасы көрсетілген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Түркітілдес мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық саласындағы ынтымақтастықты зерттеудің ғылыми жаңалығы негізінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- түркі елдерінің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығының нығайуына талдау жасалды.

- түркі елдерінің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығының одан әрі жаңа даму жолдарына ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Магистрлік жобада қарастырылған ұсыныстар Түркітілдес мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық саласындағы ынтымақтастық қатынастарын жетілдіру жөніндегі тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін. Аталған жобаның материалдары, негізгі ұсыныстары мен тұжырымдары халықаралық мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық қатынастарын қалыптастыруда пайдалы. Автормен жүргізілген жұмыс магистранттарға, ізденушілерге Қазақстанның түркі мемлекеттерімен мәдени-гуманитарлық саласындағы ынтымақтастық қатынастарының ерекшелігінің неғұрлым аз зерттелген проблемаларын анықтауға елеулі көмек көрсете алады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мен құндылығы жалпы түркі мемлекеттері арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы қазіргі жағдайды, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық саласындағы өзара іс-қимылдың әсерін түсінуде жатыр.

Гипотеза немесе күтілетін нәтижелер. Зерттеудің жұмыс гипотезасы, қазіргі жағдайда түркітілдес елдерінің бір-бірімен мәдени-гуманитарлық саладағы неғұрлым тығыз интеграциясы кезінде, түркі елдерінің халқы арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік деңгейі айтарлықтай одан әрі көтеріледі деп күтуге болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Магистрлік жобадағы материалдар мен қорытындылар 2022 жылғы 22 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында «Астана Халықаралық Университеті» ұйымдастырған «Цифрландыру дәуіріндегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндалды.

Зерттеу жұмысының жалпы құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі мазмұнды қамтитын екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Магистрлік жобаны орындау барысында аталмыш тақырыпқа қатысты қазақстандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың еңбектері қаралып, сарапталды. Түркі елдерінің мәдени-гуманитарлық саласындағы қарым-қатынастары зерттеліп, ғылыми тұрғыдан ұғыну сатысында тұрғанымен. Бұл мәселелер жеткілікті түрде әлі терең зерттелмеген және егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Джаваншир Фейзиевтің «Түркі мемлекеттерінің одағы» атты кітабін атап кетуге болады. Автор өз кітабында тәуелсіз түркі мемлекеттері көшбасшыларының саяси ұстанымдарын негізге ала отырып, тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы одақтастықтың идеологиясын тұжырымдауға, түркілік геосаяси аймақты түркілік геосаяси жүйеге, ал түркілік геосаяси жүйені өз кезегінде Түркі мемлекеттер одағына өзгертудің заңдылықтарын ашуға тырысады [5].

Сондай-ақ, «Тюркские народы» (Б. Аяган – Алматы, 2004) энциклопедиялық анықтаманы айтуға болады. Бұл энциклопедиялық анықтама түркі тілдес халықтар, мемлекеттер, автономиялар мен ұлыстар туралы толық мәлімет берілген. Олардың тарихи және мәдени-этнографиялық аспектісі, географиялық жағдайына шолу жасалады. Кітап бүкіл түркітілдес елдердің салыстырмалы дамуын көзбен көруге мүмкіндік беретін бай мәдени және ғылыми материалдармен қамтамасыз етілген [6].

Сонымен бірге, Ортақ түрк тарихы (Ежелгі заманнан XV ғасырға дейін) кітабын атап өтуге болады. Бұл оқу құралы бауырлас түрк халықтарының түпкі тамырларынан – ежелгі заманнан XV ғасырға дейінгі аралықтағы ортақ тарихын қамтиды [7].

Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов және А. Құлсариеваның «Мәдениеттану» кітабын атап өтуге болады, онда мәдениеттану ілімінің теориялық қағидалары қарастырылған [8].

Мәскеу университетінің баспасы басып шығарған А.О.Наумовтың «Мягкая сила» и публичная дипломатия» атты кітабына назар аудардым, онда жұмсақ күшке теориялық шолу жасалынған [9]. Сондай-ақ, М.А.Неймарктың «Мягкая сила в мировой политике» атты кітабы да ескерілді [10].

«NN Journal» («New National Journal») №2 қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік журналында жарияланған Бакытжан Темирболаттың мақаласына назар аудардым, онда ХХІ ғасыр бүкіл түркі халықтарын біріктіретіндігі айтылады [11]. Сондай-ақ, «NN Journal» («New National Journal») №3 қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік журналына ерекше назар аудардым, онда Йылдырым Беязит университеті саясаттану кафедрасының доценті Сейит Али Авджудың мақаласында Түркия мен Қазақстан Түркі елдері арасындағы қарым-қатынастарды белсенді дамытып жатқандығы айтылады [12].

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Жалпы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы теориялық зерттеу әдісі жүргізілді. Сондай-ақ жалпылау, салыстырмалы тарихи талдау және оқиғалық (event – талдау) әдістер қолданылды.

Магистрлік жобаның бірінші тарауында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық теориялық аспектілері мен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі халықаралық қатынастарға ықпалына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы түсініктеме берілді.

Магистрлік жобаның екінші тарауында түркітілдес мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық саласындағы қарым-қатынасына қатысты салыстырмалы тарихи талдау және оқиғалық (event – талдау) әдістер қолданылды. Сондай-ақ түркі елдерінің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығының одан әрі нығаюына тиісті ұсыныстар берілді.

1 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ РӨЛІ

1.1 Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты зерттеудің теориялық аспектілері

Көптеген экономикалық проблемалардың себептері гуманитарлық тұрғыдан қарағанда, білім беру, мораль, этика, ұлт бірлігі салаларында жиі кездеседі. Және әрбір мемлекет өз бағдарламаларын әзірлеу кезінде осы аспектілерді ескеруі, сондай-ақ әлемдік үрдістерге, халықаралық тәжірибеге назар аударуы тиіс.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық білім беру, гуманитарлық ғылымдар, мәдениет, БАҚ, туризм және спорт, денсаулық сақтау, жастар ұйымдарының қызметі және т.б. салалардағы нақты іс-шараларды іске асыруға бағытталған. Соңғы бірнеше онжылдықта жаһандық мәдени ландшафт қарыштап өзгерді. Қазіргі уақытта көз алдымызда болып жатқан цифрлық революцияға сәйкес алмасу бағдарламаларына және мәдени байланыстарға сұраныс өсуде. Әлемнің бүгінде тап болған көптеген сын-қатерлері мен қақтығыстарында келіспеушіліктерді жеңу, нәзік қоғамдарды нығайту және халықаралық қатынастарды жақсарту үшін мәдениет үлкен әлеуетке ие.

Мемлекеттер ұлттық мәдени мұраға және өзіндік шығармашылық әлеуетке сүйене отырып, сыртқы саяси доктриналар мен стратегияларға «жұмсақ күштің» негізгі құралдарын белсенді түрде пайдаланады және енгізеді.

Сондықтан «гуманитарлық ынтымақтастық» ұғымын зерделеуге, мемлекет - мемлекет, мемлекет - халықаралық ұйым деңгейіндегі гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы халықаралық өзара іс-қимылды талдауға байланысты жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары өзекті болады. Бұдан әрі көретініміздей, «гуманитарлық ынтымақтастық» ұғымы, халықаралық қатынастардың ғылыми дискурсында мүлдем жаңа емес, бірақ біз оған жаңа мән-мағына беруді ұсынамыз.

Қазіргі геосаяси жағдайдың өзі тұрақсыз және өзгермелі болғандықтан, халықаралық дискурстың әлемдік тәжірибедегі гуманитарлық ынтымақтастықтың бірыңғай әмбебап түсіндірмесі қалыптаспаған. Сондай-ақ, гуманитарлық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін «жұмсақ күш» теориясын атап өткен жөн. «Жұмсақ күшті» түсіну үшін келесі сипаттамалар маңызды екенін еске саламыз:

1) «жұмсақ күш» – сыртқы саяси мақсаттарға мәжбүрлеусіз қол жеткізудің тәсілі;

2) бұл тұжырымдама ұсынылған құндылықтарды бөлудің тартымдылығы мен еріктілігіне негізделген;

3) «жұмсақ» күшті негізінен әлемдік аренада көшбасшы болуға үміткер мықты мемлекеттер пайдаланады;

4) «жұмсақ күш» оның негізгі ресурстарын: мәдениет, тіл, ғылым, білім, туризм және т.б. белсенді пайдаланатын қоғамдық және мәдени дипломатия үшін негіз болып табылады [13, 32 б.].

Гарвард университетінің профессоры, халықаралық қатынастар саласындағы танымал маман Джозеф Най-кіші «жұмсақ күш» тұжырымдамасын әзірлеген болатын. «Жұмсақ күш» термині алғаш рет 1990 жылы «Foreign Policy» журналында жарияланған мақалада қолданылды, ол «жұмсақ күш» деп аталды. Ғалым «жұмсақ күшке» «мәжбүрлеу немесе қайыр тарату арқылы емес, одақтастардың ерікті қатысуы негізінде қалаған нәрсеге қол жеткізу мүмкіндігі» деп анықтама береді [9, 29 б.].

Қазіргі әлемдік саяси процестердің дамуы жаһандық саясатта жұмсақ күшті қолданудың ресурстық мүмкіндіктерін өте өзекті етеді. Жұмсақ күш мемлекеттердің сыртқы саяси мүмкіндіктерінің әдеттегі дәлізін едәуір кеңейтеді [10, 13 б.].

Бұрын тарихи ғылыми әдебиеттерде, нормативтік-құқықтық ортада «гуманитарлық ынтымақтастық» термині тек бір ғана анықтаманы, атап айтқанда халықаралық гуманитарлық құқықпен байланысты, яғни қақтығыс кезінде азаматтардың белгілі бір санаттарына гуманитарлық көмек көрсетуді білдіретіні белгілі.

Алайда, біртіндеп, халықаралық қатынастардағы гуманитарлық өлшемдердің дамуымен, адам қызметімен байланысты: мәдениет, білім, ғылым және т.б. гуманитарлық салаларда, яғни Батыста және гуманитарлық ынтымақтастық тәжірибеде барлық салаларды қамтитын бұл термин кеңейе және дами бастады. Дәл осы сәтте, біз адамның барлық гуманитарлық қызметін қамтитын «мәдениет» ұғымының өзгеріске ұшыраған параллель тенденциясын байқаймыз.

Көне заманнан бері культура деген сөз, жерді өңдеу деген мағынаны берген болатын. Содан ол жанды жетілдіру деген ұғымды білдірді. Заман өткен сайын еуропалықтарда мәдениет сөзі даму, қабілеттілік, құрметтеу мен білім беру секілді мағыналарға ие болды [8, 6 б.].

«Мәдениет» терминінің өзі екіұштылыққа ие және мемлекеттердің тарихи, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен дәстүрлеріне байланысты көптеген түсініктерге ие екендігі баршаға мәлім.

Мысал ретінде, біз, Гарвард университетінің тарих профессоры А.Ириенің адамзат мәдениетінің барлық салаларын мүмкіндігінше толық байланыстыратын анықтамасын береміз: «мәдениет – қоғам мүшелері бөлісетін сенім, материалдық құндылықтар, идеология, әдет-ғұрып және өмір салты жүйесі». Осылайша, халықаралық қатынастардың ғылыми дискурсында екі терминнің «қабаттасуы» байқалады [13, 33 б.].

Батыс пен Ресейдің гуманитарлық ынтымақтастыққа қатысты көзқарастарын салыстырса, онда Батыстың тәсілі мәдени өзара іс-қимылға емес, тек бітімгершілік пен гуманитарлық көмек мәселесі бойынша Хельсинки келісімдері рухында. Демек, Батыс адам құқықтарын сақтау және дағдарыстан кейінгі реттеуге көңіл бөледі. Ал Ресей мәдени әрі білім беру қарым-қатынастарын орнату мен қолдау туралы мәселелерге ерекше назар аударады [14, 69 б.].

Т.В. Зонова, Еуропалық Одақтың жұмыс тілінде (ағылшын, француз, неміс) «гуманитарлық» деген анықтама, ең алдымен, адам құқықтары мен зорлық-зомбылықтың бұзылуына, төтенше жағдайларға (азық-түлікпен қамтамасыз ету, медициналық қызметтерді қалпына келтіру, жерді минадан тазарту және т.б.) қарсы тұруға байланысты қолданылатынын, ал Ресейдің ғылыми дискурсында «гуманитарлық ынтымақтастық» кеңінен түсіндіріледі және мәдени байланыстар, өркениетаралық диалог және азаматтық қоғамдар диалогы, сондай-ақ шетелдегі отандастармен қарым-қатынас және оның мәдени-гуманитарлық әсерін кеңейту саласын қамтитынын атап өтті [15].

Италияның және Францияның зерттеушілері терминнің қолданылу аясын «гуманитарлық» емес, мәдени ынтымақтастық деп кеңейтуді ұсынады.

Сонымен, В.Майнетти «ынтымақтастық» терминін үш элементтің бірлігі ретінде қарастыру қажеттілігі туралы жазады:

- қызмет саласы ретіндегі ынтымақтастық;
- мақсат ретіндегі ынтымақтастық;
- қағидат ретінде ынтымақтастық.

Сонымен қатар, бұл термин тек халықаралық және сыртқы саяси дискурста ғана қолданылуы керек. Соған сәйкес, мәдениеттің кең түсіндірілуін ескере отырып, автор мәдени ынтымақтастықтың маңыздылығын: «тек өнер саласында ғана емес, сонымен бірге өмір салтын, құндылықтар жүйесін, салт-дәстүрлерді, нанымдарды, адамның негізгі құқықтарын жүзеге асыруды өзара қабылдауға дейін [13, 34 б.]» деп кеңейтуді ұсынады.

Шетелдік зерттеу дискурсын зерделеу барысында гуманитарлық ынтымақтастықты зерттеу жөніндегі тәсілдерді одан әрі түсіндіруге қажетті мынадай жайттарды атап өтуге болады:

1) гуманитарлық ынтымақтастық дегенді көбінесе гуманитарлық көмекпен ұқсатады.;

2) мәдени ынтымақтастық ұғымы адам қызметінің барлық гуманитарлық салаларын қамтиды (спорт, туризм, мәдениет, ғылым, білім);

3) халықаралық өзара іс-қимылдың бұл түрі «жұмсақ күштің» тиімді және белсенді пайдаланылатын құралы болып табылады, сондай-ақ сыртқы саясаттың оң имиджін қалыптастыруға да әсер етеді [13, 35 б.].

Сонымен қатар, кейбір сарапшылар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа шетелдік тәсілдердің мынадай жіктелуін ұсынады, атап айтқанда:

1) мәдени ынтымақтастық ЮНЕСКО конвенциялары мен декларациялары шеңберінде түсіндіріледі, яғни ол гуманитарлық саладағы (әлеуметтік-антропологиялық аспект) адам қызметінің барлық салаларын қамтиды;

2) гуманитарлық ынтымақтастық Хельсинки актісінің призмасы арқылы түсіндіріледі және гуманитарлық көмек пен адамның негізгі құқықтарын (шарттық-құқықтық аспект) қорғауды білдіреді;

3) мәдени ынтымақтастық – мемлекеттің оң сыртқы саяси бейнесін қалыптастыруға, сондай-ақ ұлттық мүдделерді (сыртқы саяси аспектіні) іске

асыруға арналған жұмсақ күш пен қоғамдық (public diplomacy) дипломатияның тиімді құралы [13, 44 б.].

Сыртқы мәдени қызмет – әркелкі мәртебесі бар және бірін-бірі толықтыратын миссиялары бар құрылымдардың нәтижесі болып табылады.

1997-2002 жылдары Францияның Сыртқы істер министрі Юбер Ведрин атап өткендей, «Сыртқы істер министрлігі қызметінің негізінде мәдениет жатыр. Егер сыртқы саясаттың орталығы дипломатиялық, саяси және стратегиялық болса, онда оның экономикалық және мәдени аспектілері де шешуші болып табылады» [13, 42 б.].

Гуманитарлық ынтымақтастықтың терминологиялық түсіндірмесінде, біріншіден, гуманитарлық және мәдени ынтымақтастықтың бірыңғай түсіндірмесі жоқ; екіншіден, «мәдени» және «гуманитарлық» ынтымақтастық терминдерін түсінудің арасында нақты айырмашылық жоқ (дәстүрлі құралдар жинағында: мәдениет, ғылым, білім, спорт, мәдени мұра, жастар ісі, туризм – гуманитарлық көмек, адам құқықтары мәселесі болып қалуда), үшіншіден, халықаралық өзара іс-қимылдың бұл түрі сыртқы саяси доктриналарда әрдайым көрініс таппайды және мемлекеттің «жұмсақ күшінің» дербес құралы болып табылмайды.

Жалпы алғанда, халықаралық дискурс гуманитарлық ынтымақтастықты гуманитарлық көмек ретінде тар түсіндірумен сипатталады. Мәдени ынтымақтастық, ең алдымен, қоғамдық дипломатияның бір бөлігі ретінде қабылданады.

Жалпы алғанда, гуманитарлық ынтымақтастық бізге сыртқы саяси мақсаттарға қол жеткізе отырып және мүдделерді іске асыра отырып, саяси мәнмәтіннен тыс тығыз қатынастар құруға мүмкіндік беретін халықаралық өзара іс-қимылдың аса перспективалы және тиімді әдісі болып көрінеді. Әр түрлі аймақтық бағдарламалар жоғары бюджеттермен емес, мемлекеттер үшін маңызды мүдделерді жүзеге асыруға, сондай-ақ өздерінің жетістіктерін сыртқы әлемге таратуға мүмкіндік береді.

1.2 Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі халықаралық қатынастарға ықпалы

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық сыртқы саяси ықпалдың тиімді тетіктерінің біріне айналып барады, шетелдік зерттеулердегі оның түсіндірілуі әр түрлі.

Шетелдік дискурста халықаралық гуманитарлық ынтымақтастық «жұмсақ күштің» тиімді құралдарының біріне жатады және мәдениет, ғылым, білім, спорт, жастар мәселелері сияқты пәндік салаларды қамтиды, дегенмен шетелдік зерттеушілер мұндай өзара әрекеттесуді анықтау үшін «мәдени ынтымақтастық» ұғымын қолданады.

Қазіргі әлемдегі мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда маңызды фактор болып қала береді, ал күнделікті тәжірибедегі оның елдер мен континенттердің жақындасуындағы рөлі қаншалықты зор екенін көрсетеді.

Бүкіл әлем ауқымындағы мәдени және гуманитарлық өзара іс-қимыл саласындағы неғұрлым беделді және «бейінді» ұйым ретінде Білім, мәдениет және ғылым мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) мамандандырылған мекемесі болып табылады. ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер қабылдаған Халықаралық мәдени ынтымақтастық принциптерінің декларациясына сәйкес, өзара әрекеттесудің бұл түрі «білім, ғылым және мәдениет саласындағы ақыл-ой мен шығармашылық қызметтің барлық түрлерін» қамтуы керек» [16].

Оның мақсаты білімді тарату, дарындылықты дамытуға жәрдемдесу және әртүрлі мәдениеттерді байыту, халықтар арасындағы бейбіт қарым-қатынастар мен достықты дамыту және олардың әрқайсысының өмір салтын жақсы түсінуге жәрдемдесу, әр адамның білімге қол жеткізуін және барлық халықтардың өнері мен әдебиетінен ләззат алу мүмкіндігін қамтамасыз ету, жер шарының барлық бөліктерінде ғылымның ілгерілеуіне қатысу, оның игіліктерін пайдалану және мәдени өмірді байытуға жәрдемдесу.

ЮНЕСКО өзінің мәдени ынтымақтастық қағидаттарын жекелеген мемлекеттермен немесе ұйымдармен бірлесе жүзеге асырады.

Осылайша, көріп отырғанымыздай мәдениет біртіндеп ұйымдар арасындағы ұлттық үкіметтерге әсер ету үшін күрес алаңына айналуға. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық біртіндеп саяси процестерге тартылып, мынадай ерекше қағидаттарға ие. Яғни, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, бейбітшілік ісінде мәдениеттің қызмет етуі, барлық мәдениеттердің қадір-қасиетінің теңдігі, мәдени әртүрлілік, орнықты даму және мәдени мұра.

Мысалы, Францияда мәдени ынтымақтастық мынадай дипломатиялық міндеттерді шешеді – француз тілі мен мәдениетін ілгерілету және тарату, елдің беделін қалыптастыру және оның бәсекеге қабілеттілігін дамыту, Францияда білім алуға жәрдемдесу, туризмді дамытуға ат салысу.

Егер Еуропалық Одақты алатын болсақ, 2007 жылдан бастап ЕО саясатында мәдениет пен мәдени ынтымақтастықты ілгерілету маңызды элемент болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынастардың тиімді стратегиясын анықтау мақсатында Еуропалық комиссия 2013 жылы ЕО-ға кірмейтін елдермен мәдени қарым-қатынастарға стратегиялық тәсіл әзірлеу үшін сарапшылар тобын құрған болатын.

Еуропалық Одақ мәдениетаралық диалогты дамытуды белсенді қолдайды, мәдени мұраны қорғау және сақтау саласында ЮНЕСКО-мен тығыз ынтымақтасады, экономикалық пайда әкелуі мүмкін мәдени алмасуларды қолдайды. Мәдени ынтымақтастықтың ең жарқын мысалы – «Креативті Еуропа» бағдарламасы. Яғни, Еуропалық Комиссияның мәдени және аудиовизуалды секторларды қолдауға арналған. Ол Еуропаның мәдени мұрасын танымал етуге және еуропалық мәдени және жасампаз секторлардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған [17].

Тағы бір мысал – Солтүстік елдердің, Фарер аралдарының, Гренландияның және Аланд аралдарының Мәдениет министрлері кеңесінің қызметі, ол Солтүстік елдердің Министрлер кеңесі шеңберінде мәдени ынтымақтастыққа

жауап береді. «2013-2020 жылдарға арналған Солтүстік елдердің мәдени ынтымақтастық туралы» стратегиясында оның мақсаттары белгіленген: өңірдің мәдени өзін-өзі таныту формаларының әртүрлілігіне ықпал ету, өңір суретшілері мен олардың шығармашылығын насихаттау, Скандинавия мәдениетінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Кең мәдени ынтымақтастық Солтүстік өңірдің барлық тұрғындары арасында ортақтық пен өзара түсіністік сезімін дамытуға және ауызбіршілікті нығайтуға бағытталған. Скандинавиялық өмір салты, өнер, мәдениет халықаралық деңгейде үлкен сұранысқа ие. Кеңес мәдени байланыстарды дамыту арқылы құндылықтарды таратумен де белсенді айналысады [18].

Әрі қарай, АСЕАН-ның мәдениет саласындағы қызметі. 1967 жылы қол қойылған «АСЕАН декларациясына» сәйкес, ұйым өңірдің мәдени дамуына ықпал етуі керек. АСЕАН әлеуметтік-мәдени қоғамдастығының 2025 жылға дейінгі жоспарында атап көрсетілгендей, ұйым: өңірде жаңа және туындайтын мәселелерді шешу үшін тұрақты дамуға жәрдемдесуге бағытталған адамдарға бағдарланған бірлескен іс-қимылдар арқылы өз халықтарының өмір сүру сапасын арттыруға; мүше мемлекеттердің мәдениет пен ақпарат, білім беру, жастар және спорт, денсаулық сақтау, гендерлік саясат, әйелдер мен балалар құқықтары, дүлей апаттарға қарсы күрес және гуманитарлық көмекті қоса алғанда, көптеген салалардағы ынтымақтастығын күшейтуге ұмтылады [19].

Бастапқыда мәдени ынтымақтастықты дамытудың дербес мақсаты болмаған Африка одағы және Анд қоғамдастығы сияқты өңірлік ұйымдар ірі ұйымдардың (мысалы, ЕО) мәдени, білім беру, ғылыми бағдарламалары мен жобаларына қатыса отырып, олармен мәдениет саласында белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Сонымен қатар, КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азияның жаңадан құрылған мемлекеттері, сондай-ақ Түркия арасында барлық негізгі бағыттарда, оның ішінде мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі толыққанды ынтымақтастықты дамытудың басталуы туралы мәселе туындағанын атап өту қажет. Түркіаралық диалогты нығайту елдер көшбасшылары арасында көпжақты форматта тұрақты кездесулер өткізу арқылы басталды. Сол кезеңнің есте қаларлық оқиғаларының бірі 1993 жылы бүкіл әлем бойынша түркі мәдениетін жақындастыру мен нығайтуға жәрдемдесумен айналысатын Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымын (ТҮРКСОЙ) құру туралы Алматы келісіміне қол қойылуы болды [22]. Біріктіруші фактор жалпы түркілік мәдени және тарихи мұра, тілдік ұқсастық, конфессиялық және мәдени ерекшеліктердің ортақтығы болып табылады. Бұл элементтер түркі ынтымақтастығына өңірлік және халықаралық ауқымда тұрақты сипат береді.

Әмбебап, аймақтық тәсілдерді таңдау олардың әрқайсысының ерекшеліктері туралы келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Уақыт өте келе халықаралық ұйымдардың әрқайсысы гуманитарлық ынтымақтастықтың өзіндік бағытына назар аударды: ЮНЕСКО мәдени мұраны қорғауға және сақтауға, сондай-ақ халықтың осал топтарына гуманитарлық көмек көрсетуге маманданған; Еуропа кеңесі өз қызметін ЕО-ға «эстафетаны» беру арқылы

мәдени кеңестер деңгейінде жұмылдырды (іс жүзінде «Еуропалық мәдени бағыттар» бағдарламасы ғана қалды); Еуропалық Одақ мәдени ынтымақтастықты жүзеге асыру барысында бағдарламалық тәсілге (мәдени, ғылыми, білім беру бағдарламаларын құру) назар аударды.

Гуманитарлық ынтымақтастық қойылған келесі міндеттерді іске асырады: мәдениет пен ғылым саласындағы бірлескен бағдарламалар саны өсуде, осы бағдарламаларға бөлінетін бюджет ұлғаюда, іске асырылып жатқан жобаларға қатысушылар саны көбеюде, бұрын неғұрлым төмен деңгейде болған «үшінші» елдердегі мәдени және жасампаздық сектордың дамуы байқалуда.

Ұсақ өңірлік ұйымдар гуманитарлық ынтымақтастықты неғұрлым өзекті мәселелерді шешуде өзара іс-қимыл процесі құрылғаннан кейін дамытады: қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық, адам құқықтары. Өңірлік бірегейлік пен жергілікті мәдениетті дамытуға баса назар аударылады.

Мемлекеттердің аз ғана бөлігі өздерінің мәдени байланыстарының стратегияларын тұжырымдап, жариялады. Бұл байланыстардың өңірлік деңгейде мақсатты дамуы гуманитарлық (*еуропалық терминологияда - мәдени*) ынтымақтастық ғылымның, мәдениеттің, білім берудің, спорттың, туризмнің және т.б. барлық салаларын қамтитын еуропалық кеңістікке тән.

Жаһандық бәсекелестік мәдени-өркениеттік өлшемде болатыны анық. Жаһандану процестері мәдениеттердің өзара кірігуі мен өзара байытылуына ғана емес, сонымен қатар елдер мен халықтардың мәдени ерекшелігіне жиі қауіп төндіреді. Өркениетаралық күйреу қаупі жағдайында мәдени диалог құру жөніндегі ұжымдық күш-жігердің ерекше мәні бар.

Осыған байланысты мәдени мұраны сақтау және байыту, сондай-ақ сыртқы саяси аренада мәдениет ресурсын неғұрлым белсенді пайдалану мәселелері өткір тұр.

Мысалы, Ресейдің «Россотрудничество» агенттігінің маңызды міндеттерінің бірі Ресей Федерациясының сыртқы саясатының гуманитарлық компонентінің тиімділігін арттыру болып табылады [20]. Бұл үдерісте әлемдік мәдени ағындарға барынша ықпалдасу кезінде дәстүрлі ұлттық бірегейлікті сақтау үшін стратегиялық әлеует ретінде мәдениетке басты рөл беріледі. Халықаралық беделдің нығаюы және Ресейдің әлемдегі ықпалы көп жағдайда осы міндетті табысты шешуге байланысты болады. Осы гуманитарлық ынтымақтастық өркениетаралық диалогты жолға қоюдың, халықтар арасындағы келісімге және өзара түсіністікті қамтамасыз етудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Бұл мәдени-гуманитарлық мәселелер заманауи көп орталықтың жүйесін қалыптастыру үрдісіне әсер етеді әрі оның даму векторын белгілейді [20].

Қорытындылай келе, халықаралық ұйымдар гуманитарлық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып отыр (*оларды түсіндіруде - мәдениет кең мағынада*) деп айта аламыз. Ол «жұмсақ күш» пен қоғамдық дипломатияның тиімді құралына айналды. Мәдени ынтымақтастық тек рухани ғана емес, сонымен бірге екіжақты және көпжақты қатынастардың қалыптасқан саяси және экономикалық негізін ескере отырып, өзара түсіністік пен

ынтымақтастықтың жоғары деңгейінің түпбейнесі болды. Сонымен қатар, халықтардың өзара байланысы ортақ түп-тамырларды, біртұтас адамзат кеңістігін, ортақ мәдениет пен тарихты анықтайды. Сондықтан осы жылдар ішінде достас мемлекеттердің қарым-қатынастарында қол жеткізілген барлық оң нәтижелерді сақтап, көбейту қажет. Бұл өзара тиімді ынтымақтастықты екіжақты негізде ғана емес, көпжақты интеграциялық жобалар шеңберінде де нығайтуға мүмкіндік береді.

Өңірлік мәдени ынтымақтастық орталықтарының қызметін қорытындылай келе, ол өңірлердегі мәдени әлеуетті сақтауға және көбейтуге, кең аудиторияға таратуға мүмкіндік беретінін айта кету керек. Сондай-ақ, өңірлік сәйкестілік пен өзіндік ерекшелікті *(тілдік немесе этникалық азшылықтардың тілі мен мәдениетін қоса)* сақтауға ықпал етеді.

2 ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

2.1 Түркі мемлекеттерінің интеграциялық процестері

1991 жылы бірқатар түрк мемлекеттері тәуелсіздік алған соң түбі бір туысқан елдер арасында мәдени, саяси және экономикалық қатынастар қарқынды дами бастады. Түркия мемлекеті алғашқылардың қатарында жаңа бес түркі мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындап, олармен дипломатикалық қарым-қатынас орнатты.

Мысалы, төменде түрк әлемінің картасы көрсетілген (1-суретке сәйкес):



1-сурет – Түрк әлемі картасы

Ескертпе – Әдебиеттен алынған [7, 7 б.]

1992 жылы Түркия басшылығы алғаш рет Орталық Азияға жасаған сапары барысында түркітілдес мемлекеттер арасында саммит өткізу қажеттілігі туралы ұсыныс білдірді. Содан кейін, сол жылы Анкарада алғашқы саммит өтті. Посткеңестік кезеңдегі түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең: 1992 ж. бастап 2001 жылға дейін Анкарада ұйымдастырылған бірінші саммит барысында (1992 ж.) Анкара мәлімдемесіне қол қойылды, онда «мемлекеттер арасындағы бауырластық пен ынтымақтастық рухы» атап өтілді [21, 413 б.].

Жоғары деңгейдегі кездесу осы Анкара мәлімдемесімен интеграциялық процестердің басталуын білдірді. Сондай-ақ, түркіаралық диалогтың алғашқы кезені мемлекет басшыларының кездесулерінен басталды.

Сол кезеңнің есте қаларлық оқиғаларының бірі 1993 жылы 12 шілдеде түркітілдес мемлекеттердің арасында рухани байланыстарды қайта жандандыру мақсатында және дүниежүзіндегі түркі мәдениетінің жақындасуы мен нығаюына ықпал етумен айналысатын ТҮРКСОЙ құрылған болатын. Бұл ұйым Алматы қаласында келісімге қол қою арқылы құрылды. ТҮРКСОЙ-ға мүше ретінде барлық тәуелсіз түркітілдес мемлекеттер кіреді (Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан,). Ал, бұл ұйымның бақылаушылары: Гагаузия (Молдова), Солтүстік Кипр Түрік Республикасы және Ресейдегі субъектілер олар Татарстан, Алтай, Башқұртстан, Саха (Якутия), Хакасия, Тыва [22].

ТҮРКСОЙ-дың негізгі қызметі түркі елдерінің, халықтар мен қауымдастықтардың өнері мен мәдениетін дамытуға; түркітілдес елдер мен халықтар арасында өзара түсіністікті орнатуға; мәдениет пен өнердің, тарихтың, түркі халықтарының мәдени және тарихи мұрасының ортақ құндылықтарын зерттеуге, оны сақтап дамытуға және насихаттауға бағытталған.

Түркі елдерінің Мәдениет министрлерінің Тұрақты кеңесі ТҮРКСОЙ ұйымының бағдарламасын және бағыттарын айқындап отырады. Тұрақты кеңес қабылдаған шешімдерді ТҮРКСОЙ хатшылық орындайды. ТҮРКСОЙ ұйымы өз қызметін Түркі кеңесімен (қазіргі таңда Түркі Мемлекеттері ұйымы болып аталады), Түркі мәдениеті және мұрасы қорымен, Түркі академиясымен үйлестіре отырып, мақсаттары мен ұстанымдары ТҮРКСОЙ-ға жақын ЮНЕСКО және ИСЕСКО-мен бірлесіп жүзеге асырады. Көптеген жобалар муниципалитеттермен, университеттермен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асыруда. ТҮРКСОЙ Бас хатшылығы түркі әлемінің мәдениет және өнер қайраткерлерінің бас қосатын орнына айналды. Яғни, ТҮРКСОЙ – түркі әлемінің мәдени өмірінің негізі болып саналады [23].

1994 жылы Ыстамбұл қаласында түркі мемлекеттері басшыларының кездесуі кезінде елдер арасындағы тығыз байланысты көрсетуге қызмет еткен «бауырластық рухы» деген сөздер халықтар арасындағы «ерекше байланыстар» деген неғұрлым бейтарап сөзбен ауыстырылды [24, 17 б.].

1995 жылы Бішкек саммиті түркі мемлекеттерінің басшыларын толық құрамда жинады [25, 423 б.]. Кездесу барысында түркі халықтарының ұлы мәдени-тарихи мұрасын сақтау қажеттігі айтылды.

Осылайша, түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастың алғашқы кезеңінде ол өзара тиімді негізде жүзеге асырылды. Одан әрі байланыстар үшін көптеген байланыс нүктелері болды деп айта аламыз.

Келесі жоғары деңгейдегі кездесулер тұрақты негізде өткізілді (1 кестені қараңыз). Дегенмен, жүйелі кездесулерге қарамастан, интеграцияның бірінші кезеңі сарапшылардың пікірінше, түсініксіз, белгісіз баға алды. Бұл ең алдымен, бірлескен мәлімдемелердің көпшілігінің декларативті сипатына байланысты. Дәлірек айтқанда, практикалық нәтижелердің болмауына байланысты болды [26].

1-кесте – Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесу жылдары мен орындары (1994 ж. – 2001 ж.)

Мерзімі	Өткен орындар
1994 жыл	Ыстамбұл қаласы
1995 жыл	Бішкек қаласы
1996 жыл	Ташкент қаласы
1998 жыл	Астана қаласы
2000 жыл	Баку қаласы
2001 жыл	Ыстамбұл қаласы
Ескертпе – Әдебиет негізінде құралған [26]	

2001 жылдан бастап тоқырау кезеңі болды – үзіліс ұзақ уақытқа созылды. Оның барысында саммиттер мен құрылтайлар болған жоқ. Демек ішкі саяси мәселелерге яғни 2001 жылы дағдарыстан туындаған қаржылық қиындықтарға байланысты, түркіаралық интеграция идеясы Түркия үшін өзектілігін жоғалта бастады. Тек 5 жылдық үзілістен кейін ғана түркіаралық кездесулердің екінші кезеңі (2006-2009 жж.) басталады. 2006 жылғы қарашада Анталья қаласында Түркі елдері басшыларының саммиті өтті. Бұрынғы іс-шаралардағыдай, Түркия елінде Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия Президенттері кездесті [27, 148 б.].

Осы отырыста алғаш рет Түркітілдес мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясын құру туралы ұсыныс айтылды. Бұл қадам көп жағынан түркітілдес мемлекеттерді жақындастыруға және серпін беруге арналған ұзақ үзілістен кейінгі алғашқы практикалық бастама болды.

Сонымен, 2008 жылғы 21 қарашада Стамбұл қаласында Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия парламенттерінің басшылары Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясын құру туралы келісімге қол қойылды [28]. ТҮРКПА-ға төрағалық ету жыл сайын бір елден екінші елге ағылшын алфавитіне сай ауысып отырады.

2009 жылдың 29 қыркүйегінде Әзербайжан Республикасының астанасы Баку қаласында ТүркПА-ның І-ші пленарлық отырысы өтті. Пленарлық отырыста ТүркПА Регламенті, Хатшылық Жарғылары және Баку декларациясы, Хатшылықтың Баку қаласында тұрақты тұруы туралы мәлімдеме қабылданды. ТүркПА Хатшылығы Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында орналасқан және халықаралық ұйым мәртебесіне ие орган болып табылады. 2021 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстандағы Түркістан қаласында өткен ТҮРКПА-ның 10-шы пленарлық отырысында ТҮРКПА-ның Бас хатшысы болып Мехмет Сүрейя Ер мырза сайланды [72].

Хатшылықта ТүркПА-ға мүше елдердің өкілдері жұмыс істейді. ТҮРКПА Хатшылығы парламенттік ассамблеяның, кеңестің және комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді. Бас хатшы Хатшылықтың қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

ТүркПА-ның негізгі мақсаттары, атап айтқанда: Парламентаралық ынтымақтастықтың сапалы жаңа кезеңі ретінде парламенттік дипломатия арқылы елдер арасындағы саяси диалогты дамытуға жәрдемдесу; Тарихи, мәдени және тіл бірлігі негізінде парламенттік ынтымақтастыққа қатысты басқа да мәселелер бойынша заңнаманы үйлестіру және өзара іс-қимылды күшейту; Тараптар арасындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, құқықтық және басқа да қатынастарды дамытуға жәрдемдесу.

Сонымен бірге, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы тәуелсіздік қағидаттарын; егемендік; аумақтық және мемлекеттік шекаралардың тұтастығын; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принципіне негізделген өзара құрмет; қауіп-қатерден, күш қолданудан немесе кез келген басқа қысымнан аулақ болу негізінде елдердің саяси және экономикалық қауіпсіздігін нығайтуды таңдаған болатын. Сондай-ақ, табиғи ресурстарды толық және ұтымды пайдалану арқылы ұлттық әл-ауқаттың өсуі; парламенттік дипломатия саласындағы жаңа прогреске, аймақтағы және бүкіл дүниежүзіндегі елдердің парламенттерімен және басқа да халықаралық ұйымдарымен жаңа қарым-қатынастар орнатуға және дамытуға ұмтылу болып табылады [28].

2009 жылы Нахичевань қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX Саммитінен кейін Интеграцияның одан да үлкен дәрежесі пайда болды. Оған Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия қатысты [27, 149 б.].

Түркия президенті алдағы кездесулерде қатысушылар тізімін кеңейтуге үміт білдірді. Яғни, Түркия басшылығы Өзбекстан мен Түрікменстан мемлекеттерінің қатысуына үміт артты. Түркітілдес мемлекеттер басшыларының Нахичевандағы саммиті тарихтың, тілдің және мәдениеттің жақындығына, достыққа, теңдік пен өзара тиімділікке негізделген барлық салалардағы жоғары деңгейдегі байланыстардың маңыздылығын тағы бір рет растады [27, 149 б.].

Жалпы Түркі кеңесі Түркі халықтарының диалогы үшін тиімді алаңға және өңірлік ынтымақтастықтың маңызды факторына айналды. Түркі әлемі елдерінің жақындасудың басты векторын барлық қатысушылар қолдайтыны маңызды [11, 77 б.].

Түркия мен Қазақстан бірге түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастарды институцияландыруда маңызды рөл атқарды. Демек, Түркия мен Қазақстанның арқасында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахичеван келісіміне қол қойылды [12, 35 б.].

Түркі кеңесіне 5 орган кірді: Мемлекет Басшыларының кеңесі, СІМ басшыларының кеңесі, ақсақалдар кеңесі әрі Тұрақты Хатшылық. Түркияның бұрынғы Президенті А. Гүл бұл оқиғаны тарихи қадам деп атады, өйткені түркі әлемін біріктіретін институционалдық құрылым алғаш рет пайда болды және Нахичеванидегі саммит түркі елдерінің интеграция процесінде оң өзгеріс болатынына сенім білдірді [29, 18 б.].

Осылайша, аталған кеңестің пайда болуы бұл түркі интеграциясының 3-ші кезеңінің басталуына жол ашты. 2011 жылға дейін Түркітілдес мемлекет

басшыларының саммиттері форум түрінде өткізілген болатын. Ал, 2011 жылдан бастап түркі елдері басшыларының кездесу форматы өзгере бастады, олар енді Түркітілдес кеңесінің саммиттеріне жинала бастады. 1-ші кездесу Алматы қаласында Түркі төрттігі шеңберінде өтті, яғни Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түркия [27, 149 б.].

2011-2021 жылдар кезеңінде Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттерінде бірнеше саммиттер өтті.

2-кесте – Түркі кеңесінің 2011-2021 жылдар кезеңінде өткен саммиттерінің хронологиясы

1 саммит	2011 жылғы 21 қазан	Алматы, Қазақстан
2 саммит	2012 жылғы 22-23 тамыз	Бішкек, Қырғызстан
3 саммит	2013 жылғы 15-16 тамыз	Габала, Әзербайжан
4 саммит	2014 жылғы 4-5 маусым	Бодрум, Түркия
5 саммит	2015 жылғы 11 қыркүйек	Астана, Қазақстан
6 саммит	2018 жылғы 3 қыркүйек	Шолпан-Ата, Қырғызстан
7 саммит	2019 жылғы 15 қазан	Баку, Әзербайжан
8 саммит	2021 жылғы 12 қараша	Ыстанбұл, Түркия
Ескертпе – Дереккөзге сүйене отырып автормен әзірленген [1]		

2020 жылдың 10 сәуірінде бейнеконференция арқылы ТМЫК Төтенше Саммиті өтті. Іс-шара барысында COVID-19 пандемиясымен тиімді күресу мәселелері талқыланып, декларация қабылданды. 2021 жылғы 31 наурызда ҚР бастамасымен бейнеконференция арқылы ТМЫК бейресми саммиті өтті. Аталған іс-шараның қорытындысы бойынша Түркістан декларациясы қабылданып, Түркістан Түркі әлемінің рухани астанасы атанды [53].

2021 жылғы 12 қарашада Түркияның Ыстанбұл қаласында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің 8-ші саммитінің қорытындысы бойынша Түркі кеңесінің атауы Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) атауына өзгертілді. Сондай-ақ, аталған саммит аясында «Түркі әлемінің келешегі - 2040» атты тұжырымдамалық құжаты қабылданған болатын [2].

Кейбір сарапшылардың пікірінше, Түркі әлемі аясындағы бұл интеграция жаңа деңгейге көтерілді деген сөз.

2022 ж. 11 қаңтарда бейнеконференция форматында Түркі мемлекеттері ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) Қазақстанға арналған төтенше отырысы өтті. СІМК төтенше отырысының қорытындысы бойынша елімізге қолдау білдіру жөнінде мәлімдеме қабылданды. Мәлімдемеде Министрлер қажет болған жағдайда қазіргі дағдарысты еңсеру үшін Қазақстан халқы мен үкіметін қолдауға дайын екендіктерін растады [30].

Сонымен бірге, 2022 жылғы 11 ақпанда Ыстамбұлда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының Ақсақалдар кеңесінің жаңартылған құрамындағы 3 күндік отырысына Қазақстанның өкілі Икрам Адырбек қатысты. Кездесу 2021 жылғы 11 қарашада Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің

Сыртқы істер министрлері кеңесінде қабылданған Ақсақалдар кеңесінің жаңа ережелеріне сәйкес алғаш рет өткізілді [31].

Қазақстан өкілі И. Адырбек Түркі кеңесінің 8-ші Саммитінде қабылданған «Түркі әлемінің келешегі – 2040» тұжырымдамалық құжаты мен Түркі мемлекеттері ұйымы атауына байланысты шешімдердің маңыздылығын атап өтіп, Түрікменстанның Ұйымға бақылаушы мәртебесін алуы да түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайту жолындағы маңызды қадамдар екеніне тоқталды. И. Адырбек Президент Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 12 қарашада Ыстамбұлда өткен Саммиттің шешіміне сәйкес құрылуы жоспарланып отырған Түркі инвестициялық қорының штаб-пәтерін «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) алаңында орналастыру туралы ұсынысын қолдауға шақырды. Оның айтуынша, АХҚО алаңы – бұл халықаралық деңгейдегі қаржы институттарының үздік тәжірибесін, бірегей техникалық сараптамасын, инфрақұрылымы мен қызмет тәжірибесін біріктіретін жаңа қаржылық экожүйеге нақты негіз бола алады. Отырыс қорытындысымен ТМҰ ақсақалдары Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен кездесу өткізіп, Кеңес отырысын жоғары деңгейде ұйымдастырудағы үлесі үшін түрік тарапына алғыстарын білдірді. Ақсақалдар Кеңесінің кезекті отырысын 2022 жылдың шілде айында Қырғызстанда өткізу жоспарлануда [31].

Кейбір сарапшылардың пікірінше, түркі халықтарының ынтымақтастығы болашақта серіктестіктің табысты саласы болып қала бермек. Қорыта айтқанда, түркі интеграциясы өзінің экономикалық саяси әлеуетін нығайтып қана қоймай, халықаралық қатынастар жүйесінде де маңызды орын алуына толықтай мүмкіндігі бар.

Түркі интеграциясын нығайтуға бағытталған жаңа бастамаларды алға тарту мақсатында, Қазақстан жағы «Түркі академиясын» ашуды ұсынды. Академия шеңберінде түркі жұртының әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсету үшін Түркі тарихы мен мәдениетін зерттейтін орталық, Түркі тілін зерттейтін орталық, Түркі музейі мен Түркі кітапханасын құру жоспарланды. 2010 жылғы 25 мамырда аталған бастама жүзеге асырылды. Астана қаласында түркологияның халықаралық ғылыми орталығы ретінде Халықаралық түркі академиясы ашылды [32].

2012 жылғы 23 тамызда Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында Түркі кеңесінің 2-ші саммиті барысында, Академияны құру бойынша келісімге қол қойылған болатын [49].

Академияның штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Қазіргі уақытта Қазақстан азаматы Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Түркі Академиясының президенті болып табылады. Академияның мақсаты – түркі мәдениеті мен әдебиетін сақтауға, дамытуға бағытталған.

Қазіргі таңда, Түркі академиясының мүшелері: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия. 2018 жылғы қыркүйекте Мажарстанның Академияға бақылаушы мәртебесін алу өтінімі мақұлданды. Осылайша, Академия мүшелері арасында Еуроодаққа мүше бір елдің де бар екендігін айтуға болады. Қазіргі таңда, Академия тарапынан Мажарстанның Ұлттық ғылымдар академиясымен

көп мөлшерде ортақ жобалар жүзеге асырылып, халықаралық шаралар өткізілді, ортақ монографиялар шығарылды. Сондай-ақ, Өзбекстан толық мүше болуға дайын екендігін білдірген болатын.

Жалпы, қазір Академия шараларына деген қызығушылық артып келе жатыр. Академия тарапынан Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея, Индия және басқа да мемлекеттердің ғалымдары және ғылыми ұйымдарымен жақын байланыс орнатылған. Моңғолия және Пәкістан Академияға бақылаушы мәртебесін алу ниетін білдірді.

Бүгінгі күнге дейін Халықаралық Түркі академиясы көптеген ғылыми-зерттеу институттарымен, түркологиялық орталықтармен байланыс орнатып, тиісті меморандум бекітті.

Әріптестік қарым-қатынас орнатылған ұйымдардың қатарында Түркия, Өзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұртстан, Моңғолия ұлттық ғылым академиялары мен Мажарстан ғылым академиясы, сондай-ақ Қырғызстандағы Халықаралық Ш. Айтматов академиясы бар. Сондай-ақ, аталған ғылым академияларына қарасты бірқатар зерттеу институттары да Түркі академиясымен серіктестік жөніндегі шарттарға қол қойған болатын. Атап айтқанда, Түркі академиясының ұйымдастыруымен Астана қаласында түркі әлемі әдебиет институттарының басшылары жиналып, көпжақты ынтымақтастық жөнінде келісім жасаған болатын.

Демек, Түркі академиясының халықаралық байланыстары түркі тілдес елдермен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, бүгінгі күні штаб-пәтері Брюссельде орналасқан, Халықаралық академиялар одағының мүшесі болып саналатын ұйым Ресей Федерациясында және Азия мен Еуропаның бірнеше еліндегі іргелі ғылыми орталықтармен ынтымақтастық жөнінде келісімдер жасаған. Атап айтқанда, Оңтүстік Корей Республикасының Солтүстік-Шығыс Азия тарих қоры, ЮНЕСКО жанындағы Көшпенділер өркениетін зерттеу орталығы, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы жанындағы Ислам тарихын, мәдениеті мен өнерін зерттеу жөніндегі халықаралық зерттеу орталығы, Ресейдің Этнография музейі, Ресейдің Орталық ғылыми кітапханасы, Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институты, тағы басқа көптеген мекемелер Академиямен тұрақты ғылыми байланыстар орнатқан. Сондай-ақ, Түркі академиясы ИСЕСКО-ның бақылаушы мәртебесін алған алғашқы халықаралық ұйым [71, 468 б.].

Сонымен бірге, Түркі академиясы халықаралық ұйымының Түркі әлемі Ұлттық Ғылым академиялары одағының Хатшылығы міндетін атқаруы халықаралық ғылыми ынтымақтастықтағы және түркі дүниесі ғылым-білімін үйлестірудегі маңызды тетік саналады.

Түркі академиясы халықаралық қарым-қатынастарының маңызды бір бағыты – тәжірибелі ғалымдармен тікелей әріптестік байланыста болу. Олардың зерттеу еңбектеріне қолдау көрсету. Бүгінгі күні Түркі академиясы шетелдік белгілі түрколог ғалымдармен бірлесіп, көптеген ауқымды жобаларды жүзеге асыруда. Алдағы уақытта, Түркі академиясы ғылым және білім саласындағы жаһандық байланыстарының аумағын кеңейте түседі деп күтілуде.

2020 жылғы 16 қарашада министр М. Тілеуберді және Түркі Академиясының басшысы Д. Қыдырәлі «ҚР мен Халықаралық Түркі академиясы арасындағы келісімге» қол қойды. Ал 2022 жылғы 3 мамырда Халықаралық Түркі академиясын орналастырудың шарттары және тәртібі жөнінде келісімді ратификациялау туралы ҚР Заңына қол қойылды [33].

Осылайша, түркі елдері басшылары ынтымақтастықтың экономикалық және саяси платформасын құрумен қатар, ақпараттық және мәдени диалог орнату мүмкін болды.

Түркіаралық кездесулердің тұрақты қатысушыларының бірі – Әзербайжан Республикасы ТҮРКСОЙ қорын құру туралы ұсыныс білдірді. Қор тек түркітілдес мемлекеттерде емес, барлық түркі өңіріндегі мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен қорғауға қолдау көрсетеді, тарих пен мәдениет саласында зерттеулер жүргізеді, мәдени салаға үлкен үлес қосады, елдеріміз бен халықтарымыз арасындағы достық, бауырластық байланыстарды дамытады деп шешілді [34, 102 б.].

2012 жылғы 23 тамызда Әзербайжан тарапының бастамасымен және Қазақстан, Қырғызстан және Түркия президенттерінің қолдауымен Халықаралық Түркі мәдениеті және мұрасы қоры құрылды. Қордың хатшылығы Баку қаласында орналасқан [74]. Өз кезегінде ҚР Үкіметінің Қаулысымен Түркі мәдениеті және мұрасы қорының жарғысы бекітілген болатын. Аталған қор өз қызметін 2015 жылғы 11 қыркүйекте Астана қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің саммитінің тиісті шешімімен Гүнай Елчинқызы Эфендиева Халықаралық Түрік мәдениеті мен мұрасы қорының алғашқы президенті болып тағайындалғаннан кейін бастады.

Аталған қордың мақсаты – тиісті жобалар мен бағдарламаларды қолдау және жүзеге асыру арқылы түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен мұрасын қорғау, зерттеу және насихаттау. Осы мақсаттарға жету үшін Қор мәдениет, білім, ғылым, құқық қорғау, туризм, ақпарат және коммуникация салаларындағы, сондай-ақ түркі халықтары арасындағы басқа да басым бағыттар бойынша қызметке қолдау көрсете отырып, түрлі халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

Халықаралық Түрік мәдениеті мен мұрасы қоры жарғысында көрсетілгендей келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді: түрік мәдениеті мен мұрасын қорғауға, сақтауға, қалпына келтіруге және насихаттауға қаражат бөледі; түрік мәдениеті мен мұрасын қорғау, қалпына келтіру және насихаттау бойынша ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге жәрдемдеседі; түрік мәдениеті мен мұрасын қорғау, қалпына келтіру және насихаттау саласында мамандарды даярлауға қолдау көрсетеді; семинарларды, тренингтерді, конференцияларды, конгресстерді және көрмелерді ұйымдастыруға жәрдемдеседі; мерзімді басылымдарды электронды және баспа форматта дайындауға жәрдемдеседі; жарыстар, фестивальдар, турнирлер ұйымдастыруға көмектеседі; түркітілдес халықтар мекендеген аумақтарда дәстүрлі өнер мен қолданбалы өнерді жаңғыртуға, қолдауға және дамытуға жәрдемдеседі;

суретшілерге және басқа шығармашылық адамдарға зияткерлік меншік құқықтарын қорғауда көмек көрсетеді.

Демек, Халықаралық Түрік мәдениеті мен мұрасы қоры түрік мәдениеті мен мұрасын қорғау, зерттеу және болашақ ұрпаққа жеткізу үшін түрлі шаралар мен жобаларды жүзеге асыруда [35].

2021 жылы Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Гүнай Эфендиева Анталияда өткен Дипломатиялық форумға қатысты. Форум аясында Қор президенті Гүнай Эфендиева мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің кездесуі өтті [36].

Кездесуде Қазақстан мен ұйым арасындағы қалыптасқан ынтымақтастық байланыстарды одан әрі дамыту және кеңейту мәселелері талқыланды. Г.Эфендиева Қазақстанмен серіктестік қор үшін үлкен маңызға ие екенін атап өтті. Ол Түркі мәдениеті мен мұрасының халықаралық қоры іс-шараларды, соның ішінде конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, кітаптар шығаруды ұйымдастыруға, сондай-ақ Қазақстанның материалдық және мәдени мұрасын қорғау және насихаттау бағытында түрлі жобаларды жүзеге асыруға белсене атсалысатынын айтты. Сондай-ақ Қор президенті түркітілдес елдердің, оның ішінде Қазақстанның көп ғасырлық дәстүрлері мен бай тарихын кеңінен насихаттау бойынша алдағы бірлескен жұмыс жалпы түркі әлемінің мәдени дамуына ерекше үлес қосатынын атап өтті.

Өз кезегінде ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді қордың қызметіне жоғары баға бере отырып, ұйымның лайықты жұмыс атқарғанына тоқталды. Түркі тілдес халықтардың басын қосуда халықаралық түркі ұйымдарының алатын орны ерекше екенін айта келе, министр қордың осы бағыттағы жұмысының маңыздылығына тоқталып, ұйым жүзеге асырып жатқан жобаларға қолдау білдірді. Кездесу барысында тараптар Түркістанды түркі әлемінің рухани астанасы, Шуша қаласын Әзербайжанның мәдени астанасы деп жариялаудың маңыздылығын атап өтті [36].

Кейбір сарапшылардың пікірінше, түркі халықтарының ынтымақтастығы болашақта серіктестіктің табысты саласы болып қала бермек. Қорыта айтқанда, түркі интеграциясы өзінің экономикалық саяси әлеуетін нығайтып қана қоймай, халықаралық қатынастар жүйесінде де маңызды орын алуына толықтай мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезеңде Түркияның түркі республикаларын интеграциялауға ғана емес, түркі әлемін құруға талпыныстары туралы нақты айтуға болады. Интеграцияның үш кезеңінде түркіаралық өзара іс-қимылдың негізін құрайтын түркі төрттігі айқын көрінеді. Кездесулерге, саммиттер мен жиындарға қатысты елдерді интеграциялау жөнінде өз бастамаларын ұсынды әрі алдына қойылған мақсаттарды орындады.

Түркі мемлекеттерінің интеграциялық бірлесуінің өте маңызды кезеңі, ол үшінші кезеңі болып табылады, яғни 2009-2015 жылдар аралығындағы кезең [27, 150 б.].

Саяси тұрғыдан бірлесу ақпараттық және мәдени компоненттермен толықтырылуда. Аталған елдер арасындағы интеграциялық процестер түркі елдерін біртұтас мықты күшке айналдыруға ықпал етті. Жақын болашақта халықаралық аренада өзін белсенді көрсете алатын «түркі факторының» пайда болуы туралы айтуға болады.

Түркі әлемінің интеграциясының нығаюына ықпал ететін тағы бір өте маңызды факторлардың бірі, ол латын әліпбиіне көшу.

Мысалы, өркениетті әлем латын графикасын бұрыннан қолданып келеді. Латын әліпбиі әлемнің 100-ден астам елінде қолданылады. 1929 жылдан бастап Түркия, 1992 жылдан бастап Әзербайжан, 1993 жылдан бастап Өзбекстан мен Түрікменстан латын әліпбиіне көшті [38].

Түркиядағы түрік тілін реформалаудың алғашқы кезеңі 1928 жылы 1 қарашада араб әліпбиін латын әліпбиіне ауыстыру туралы Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы қабылдаған заңы болды [39, 61 б.].

Түркияның жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихының маманы Н.Г. Киреевтің пікірінше «мәдениетті реформалау, еуропаландыру жолындағы кемалистердің ең шешуші қадамдарының бірі түрік тілін реформалау болды» [40, 173 б.].

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 3 түркі республикасы латын әліпбиіне өтті, атап айтқанда Әзірбайжан 1991 жылы, Өзбекстан 1993 жылы (1995 жылы жазу редакциясымен), Түрікменстан 1993 жылы (әліпбидің бірнеше редакциясымен, ал 2000 жылдан бері өзгеріссіз) көшті. Латын әліпбиіне көшу процесі әр-түрлі тиімділікпен әрі жылдамдықпен жүрген болатын, мысалы Әзірбайжан еліне 3 әріптен тұратын түрік латын нұсқасын алған болатын, түрікмендер мен өзбектер алфавиттің бірнеше нұсқасын қолданды. Өзбекстанда латын әліпбиіне көшуде елеулі проблемалар туындады: елдің жаңа графикалық жүйеге 2000 жылы 1 қыркүйекте өтті. Кейін латындандыру процесінің аяқталуы тағы 2 рет – 2005 ж. және 2010 ж. ауыстырылды. Қазіргі таңда елдегі жарияланымдардың шамамен 70% кириллицаны қолданумен келеді. Қазақстан мен Қырғызстан жазу реформаларына асықпады. Біріншіден орыс тілді халықтың үлесі жоғары болды. Қырғызстан жаңа новациялардың мағынасын көрмеді [41, 428 б.].

Қазақстанда латын әліпбиінің 1929-1940 жылдар аралығында қолданылғаны тарихтан белгілі. Бірақ кеңестік режимнің идеологиялық саясатына орай, Қазақстан кириллицаға көшуге мәжбүр болды. XX ғасырда Қазақстан алфавитті 3 рет өзгертті. Яғни, 1929 жылға дейін араб графикасы, 1929-1940 жылдары латын графикасы, 1940 жылдан кейін кириллица алфавиті қолданылды [38].

20-шы ғасырда қазақ қоғамына жазуды 3 рет өзгерту оңай болған жоқ. Тәуелсіздік алғанға дейін, 1989 жылы қазақ зиялылары арасында латын әліпбиіне көшу қажеттілігі туралы мәселе көтерілді.

«Қазақстан - 2050» стратегиясында Мемлекет Басшысы 2025 жылдан бастап латын қарпіне көшу туралы жариялады. Ерлан Каринның айтуынша

латын қарпіне көшу мақсат емес, ол ең бастысы - ұлттық (қоғамдық) сананың трансформациялануы деді [42].

2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын қарпіне көшудің өз логикасы бар делінген. Бұл қазіргі уақытта коммуникацияның әрі технологиялық ортаның, сонымен бірге 21-ғасырдың білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Қазір мектепте балалар ағылшын тілін оқиды, сонымен қатар латын әліпбиін оқиды. Демек қазіргі жас ұрпаққа кедергілер және қиындықтар болмайды [43].

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру бойынша Мемлекет Басшысы 2017 жылы 26 қазанда № 569 Жарлығына қол қойды. Онда жаңа әліпби бекітіліп, тілді жаңа графикаға аудару мерзімі нақтыланды – 2025 жылға қарай [44].

Тілдік графиканы реформалау тек қазақ тілінің өзін жаңғыртумен ғана қарастырылуы керек. Бұл тек графикаға қатысты екенін атап өтеміз. Біз басқа тілге көшіп жатқан жоқпыз, тек сонау кеңес заманында алғаш енгізілген графиканы жаңартып жатырмыз. Ал түркі тілдес мемлекеттердің барлығы дерлік (Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) латын әліпбиіне әлдеқашан көшкені латын графикасының түркі тілдерінің дыбыстық құрылымын дәлірек көрсететінін көрсетеді [42].

Өз кезегінде, ҚР Президенті Қ. Тоқаев әліпбиді латын қарпіне көшіру жөнінде тарихи шешім қабылданған сәттен бастап белгілі бір уақыт өтсе де, бірақ қаріште әлі де олқылықтар бар екенін атап өтіп, сол себепті лингвистерге жаңа әліпбиді жетілдіру туралы тиісті тапсырма берген болатын [45].

Қорыта айтқанда, кириллицадан латынға көшудің артықшылығы, ол жаһандық интеграция, ақпаратқа қолжетімділік мүмкіндіктерінің дамуы. Латын әліпбиі әлемде ағылшын тілі сияқты кең таралған. Біріншіден, латын әліпбиінің арқасында жастарымыздың интернет арқылы ақпарат алуына, білім мен ғылым саласындағы кеңістікке жиі шығуына, тез танысып, білім алуына мүмкіндіктер артады. Екіншіден, бұл түркі әлемінің бірігуі. Демек, еліміз үшін Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан сияқты түркі елдерімен ортақ жазу тиімді болмақ.

2.2 Түркітілдес мемлекеттердің мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстары

Ежелгі түріктердің тарихын білмей, Еуразия тарихын ғана емес, дүниежүзілік тарихты да түсіну, зерттеу мүмкін емес. Ғалымдар түркі өркениеті ұғымына түркілердің мемлекеттік құрылымдарын, мәдениеті мен шаруашылығын, сондай-ақ материалдық және рухани құндылықтарын жатқызады. Түріктердің жаңғыруы кезінде көшпелі тұрмыс Орта Азиядан Византия шекарасына дейінгі өзіндік мәдени-әлеуметтік көпірге айналды. Ұлы Жібек жолы әртүрлі мәдениеттер арасындағы көпір болды, халықтарды жақындастырды, тек материалдық алмасу ғана емес, ғылыми білім мен мәдени құндылықтардың құралы болды [6, 4 б.].

«Түрк дүниесі – адамзат тарихында айрықша із қалдырған, ұлы дала мәдениеті мен қалалық өркениетті қалыптастырған рухани-мәдени әрі

этникалық біртұтас әлем. Түркілер көне дәуірлерден Еуразия кеңістігінде ірі империялар мен мемлекеттер құрған іргелі халық» [7, 5 б.].

Әлемдік мәдениетті түркі мәдениетінсіз көз алдыңызға елестетудің мүмкін еместігі секілді, әлемдік тарихты да түркі тарихынсыз көз алдыңызға елестетіп көру мүмкін емес. Егер де әлемдік мәдениеттің сонау көне заманнан осы күнге дейінгі дамуын зерттейтін болсақ, онда түркі мәдениетінің де өзіндік алар орны бар екендігін айқын аңғаруға болады. Жалпытүркілік мәдениетті бірыңғай өркениет үлгісі ретінде қарастырған тарихи-географиялық жағдай, ең басынан-ақ аталған мәдениетті қалыптасқан жағдайда мезгіл-мезгілімен дамыту және оны одан әрі де жетілдіре түсу үшін түркілік этностың шығармашылық-пассионарлық мақсаттағы күш-қуаты мейлінше жеткілікті болды [5, 79 б.].

Көне түріктерде түрлі пішінде сақталып, бүгінгі күнге жеткен дәстүрлі баспана (киіз үй, шатыр) олармен байланысты ғұрыптар (үй іші заттарының атаулары, құрметті орын – төр), әшекей түрлері – барлығы да түркі халықтарынан ортақ құндылықтар. Ұлттық киім және тоқыма өнерінің әрбір түркі халқында өзіндік ерекшеліктерге ие болғанымен, оларға байланысты атауларда, пішінінде, бояу тандауда, әшекей мен өрнектерде, кілем тоқу және оларға салынған нақыштарда ортақ үлгілер анық көрінеді. Түркі халықтарының көпшілігінің кілемдеріндегі геометриялық оюлармен бірге, жануар мүйіздерінің бейнелерінде және басқа нақыштарында ортақтықтар сақталған. [7, 179 б.].

Түркі мемлекеттерінің өткен тарихы мен қазіргі заманғы келбеті, олардың материалдық-экономикалық және өнегелілік-санаткерлік ресурстарға негізделген үлкен әлеуеті, бүгінгі түркілерді – Еуразияның саяси мазмұнын өзгертуге ықпалы күшті деп айтуға толық негіз бар. Халықаралық саясаттың өзгеруін қамтамасыз етуге қабілетті жалпытүркілік бірлік жобасы бүгінгі әлемге өте қажет және пайдалы болып келеді. Өйткені ол өзінің осы тұғырнамасында тұрып, саясатты ізгілендіру және демократияландыруды дұрыс жолға бағыттау мүмкіндігіне ие болуымен пайдалы [5, 21 б.].

Әлемдік мәдениеттің дамуы тарихындағы түркілердің алар орны, алдымен олардың өздерінің мемлекеттік дәстүрлерінде жатыр десе болады. Түркілермен қарым-қатынаста болған әлем халықтары мемлекеттің дәстүрлері мен мәдениетін меңгерді және оларды өздерінің күнделікті тіршілігінде кеңінен қолданды. Дегенмен, түркі мәдениетінің ішкі рухани байлығы тек мемлекеттіліктің мәдениетімен шектеліп қана қоймайды. Сонымен қатар, түркі мәдениеті өз бойына әлеуметтік-саяси, адамгершілік, көркем, гуманитарлық, экологиялық және басқа да мәдениеттерді де жинайды. Түркілік гуманитарлық мәдениет ғылыми-интеллектуалдық тәжірибелер жасау тұрғысынан келгенде, оның жинақтары мен мұралары, сөз жоқ, үлкен маңызға ие [5, 81 б.].

Қазіргі таңда, түркі әлемінің мәдениет және ғылым қайраткерлерінің тәжірибе алмасуының дәстүрлі алаңына айналған ТҮРКСОЙ жыл сайын суретшілердің кездесулерін, опера фестивальдерін, әдеби конгресстерді және басқа да форумдарды ұйымдастыруда.

Аталған ұйымның негізгі қызметі түркі елдерінің, халықтары мен қауымдастықтарының мәдениеті мен өнерін дамытуға бағытталған; түркітілдес

елдер мен халықтар арасында өзара түсіністік орнату; түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінің, тарихының, ұлттық тілінің, мәдени-тарихи мұрасының ортақ құндылықтарын зерттеу, сақтау, дамыту және насихаттау.

ТҮРКСОЙ-дың бағыттары мен жұмыс бағдарламасын түркітілдес елдердің Мәдениет министрлерінің Тұрақты кеңесі айқындайды. Тұрақты кеңес қабылдаған шешімдерді ТҮРКСОЙ Хатшылығы жүзеге асырады.

ТҮРКСОЙ ұйымының негізгі мақсаты: түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар, елдер мен этностар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту; түркі мәдениетінің үлгілерін зерттеу, қорғау және әлемге жеткізу; түркі халықтарының мәдениетіндегі тарихи, саяси-географиялық себептермен және шет елдердің ықпалында туындаған айырмашылықтарды жою; түркі мәдениетінің ортақтығын дәлелдеу; түркі мәдениетін басқа мәдениеттердің зиянды әсерінен қорғау және оны өткеніне қайтару; географиялық кең аумақта тұратын түркі мемлекеттері мен қауымдастықтары арасындағы әліпби мен тілді сақтау; дүниежүзілік мәдениетте маңызды орын алатын түркі мәдениетінің басқа жерлерге таралуы; түркі мәдениетіне, өнеріне және мұрағат құжаттарына қатысты құжаттарды сақтайтын орталық құру; түркі әлемінің көрнекті тарихи тұлғаларын, ойшылдарын, ақын-жазушыларын, сондай-ақ мемлекет қайраткерлерін бүкіл әлемге танымал ету болып табылады.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ТҮРКСОЙ келесі іс-шараларды қабылдауда: түркі тілдес халықтардың мәдениет пен өнер саласындағы байланыстарын дамытады және нығайтады, осы мақсатта түрлі бағдарламалар мен жобаларды бірлесіп жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; ортақ рухани құндылықтарды, тарихи мұраларды, әдебиет пен өнер үлгілерін, дәстүрлі спорт және халық ойындарын анықтауға, сақтауға, зерделеуге, дамытуға және насихаттауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады; түркітілдес елдердің мәдениеті мен өнерінің үздік жетістіктерін тарататын радио және телебағдарламаларды, деректі бейнероликтер мен фильмдерді жасауға тапсырыстарды орындайды; мәдениет, өнер, білім және т.б. салалардағы басқа халықаралық және ұлттық ұйымдармен, қоғамдық құрылымдармен және қозғалыстармен өзара байланыс орнатады, олармен бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруда ынтымақтасады. Сонымен бірге, Түркі әлемінің ортақ мұрасы болып табылатын Наурыз мейрамы ТҮРКСОЙ қызметінің арқасында әлемнің көптеген елдері таныды. Түркі елдерінен келген жүздеген әртістердің қатысуымен Наурыз мейрамын ЮНЕСКО штаб-пәтерінде, БҰҰ Бас Ассамблеясының залында, сондай-ақ Германия, Австрия, Ұлыбритания және басқа да елдерде ТҮРКСОЙ ұйымдастырды.

Түркі әлемінің мәдени астанасы – ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының ұдайы дамып келе жатқан маңызды бастамаларының бірі. 2012 жылдан бастап ТҮРКСОЙ-ға мүше елдердің қалалары 3-кестеге сәйкес Түркі әлемінің мәдени және рухани астанасы мәртебесіне ие болуда. Әр жылдары бұл құрметті атаққа ие болған қалалар түркі халықтары мәдениетінің тоғысқан орнына айналуда.

3-кесте – Түркі әлемінің мәдени және рухани астаналарының тізімі

2012 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Астана, Қазақстан
2013 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Эскишехир, Түркия
2014 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Қазан, Татарстан
2015 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Мары, Түрікменстан
2016 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Шеки, Әзербайжан
2017 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Түркістан, Қазақстан
2018 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Кастамону, Турция
2019 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Ош, Қырғызстан
2020 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Хива, Өзбекстан
2021 жыл	Түркі әлемінің рухани астанасы	Түркістан, Қазақстан
2022 жыл	Түркі әлемінің мәдени астанасы	Бурса, Түркия
Ескертпе – Дереккөздерге сүйене отырып автормен әзірленген [23].		

2016 жылы Әзербайжанның Шеки қаласында ТҮРКСОЙ-ға мүше мемлекеттердің мәдениет министрлерінің кезекті отырысы өтті. Іс-шара барысында, 2017 жылы түркі әлемінің мәдени астанасы болып Түркістан қаласы сайланды. 2017 жылы «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» атты салтанатты мерекесі өтті [73].

Сонымен бірге, 2021 жылғы 31 наурызда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің онлайн форматта өткен бейресми саммитінде Түркістан қаласы Түркі әлемінің рухани астанасы деп жарияланды [53].

ТҮРКСОЙ-ға мүше елдердің мәдениет министрлерінің отырысы барысында, 2020 жылы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып Өзбекстанның Хива қаласы сайланса, 2022 жылы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып Түркияның Бурса қаласы сайланды. Түркі әлемінің мәдени астанасы Бурсада 2022 жылы 31 наурызда өткен ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесінің кезектен тыс отырысында қабылданған шешімге сәйкес, Әзербайжанның Шуша қаласы 2023 жылы түркі әлемінің мәдени астанасы болып таңдалды. Шушаның түркі әлемі үшін маңызды, яғни Әзербайжан тарихындағы көптеген көрнекті тұлғалар осы қалада дүниеге келген [46].

2019 жылы 4 тамызда Қазақ ұлттық университеті мен ТҮРКСОЙ-дың көмегімен Түркияның Ыстанбұл қаласында «Әл-Фараби» үйі ашылды. Сондай-ақ сол жылы ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің мәдениет министрлерінің Тұрақты кеңесі 2020 жылды «Абай жылы» деп жариялады [74].

ТҮРКСОЙ жыл сайын атаулы жылдарды жариялап, жыл бойына түрлі тілдер мен диалектілерде естелік шаралар өткізіп, басылымдар шығарып, түркі әлемінің көрнекті қайраткерлерінің қалдырған мәдени мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуде.

Осы уақытқа дейін ТҮРКСОЙ түркі халықтарының келесі даңқты тұлғаларын еске алу жылдарын жариялады: Көрнекті башқұрт ғалымы, профессор Зеки Велиди Тоғанның туғанына 120 жыл толуына орай (2010 ж.); атақты татар ақыны Абдулла Туқайдың туғанына 125 жыл толуына байланысты жыл (2011); Әзербайжанның атақты драматургі Мирза Фатали Ахунзадениң туғанына 200 жыл толуына орай және ұлы хакас түркологы Николай Катановтың туғанына 150 жыл толуына орай жыл (2012); Қазақ композиторы Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты жылы (2013); Түркіменстанның көрнекті рухани ойшылы, философы және ақыны Мақтымқұлы Пырағының туғанына 290 жыл толуына арналған жылы және Қырғыздың белгілі ақыны Тоқтоғұл Сатылғановтың туғанына 150 жыл толуына орай (2014 ж.); Атақты түрік драматургі Халдун Танердің туғанына 100 жыл толуына байланысты және ұлы хакас хажышысы Семён Кадышевтің туғанына 130 жыл толуына орай жыл (2015); Ұлы түркі ғалымы және философы Жүсіп Баласағұнидің туғанына 1000 жыл толуына орай (2016 ж.); Әзербайжанның көрнекті жазушысы Молла Панах Вагифтің туғанына 300 жыл толуына байланысты жылы (2017); Қырғыздың ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың туғанына 90 жыл толуына орай, көрнекті әзірбайжан композиторы Гара Гараевтың туғанына 100 жыл толуына орай және қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабайдың туғанына 125 жыл толуына орай жыл (2018); Әзербайжанның ұлы ақыны Имадеддин Несимидің туғанына 650 жыл толуына байланысты (2019); Ұлы түрік философ-мистигі Сүлейман Челебидің 600 жылдығына орай, әйгілі Әзербайжан композиторы Фикрет Әміровтың туғанына 100 жыл толуына байланысты және Қырғызстанның көрнекті өнер қайраткері Токтоболот Абдумомуновтың 100 жылдығына арналған жылы [47].

ТҮРКСОЙ ұйымы мен Бурса Османғазы муниципалитетінің ұйымдастыруымен түркі әлемі суретшілерінің басқосуы өтті. Түркі әлемінің 2022 жылғы мәдени астанасы Бурса қаласында өткен шара түркі әлемінің әр елінен келген дарынды суретшілердің басын қосып, түркі әлемінің кәсіби бейнелеу өнерінің биіктігін паш етті. Көрменің ашылуында сөз сөйлеген ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев 2022 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы Бурсаның ең әдемі аудандарының бірі Османғазиде алғашқы іс-шарасын өткізгеніне риза екенін білдірді. С. Раевтың айтуынша ТҮРКСОЙ түркі әлемінің әртүрлі қалаларынан осы құнды шығармашыл тұлғалардың басын қосып, олардың кездесулеріне және бір-бірімен кәсіби тәжірибе алмасуына

жағдай жасайды, бұл біздің халықтарымыз арасындағы мәдени байланысты нығайтуға мүмкіндік береді [48].

Сонымен бірге, түркі интеграциясы аясында, 2010 жылғы 25 мамырда Астанада түркологияның халықаралық ғылыми орталығы ретінде Халықаралық Түркі Академиясы ашылды [49]. Түркі Академиясының мүшелері: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия. Ал, Мажарстан бақылаушы мәртебесіне ие. Түркі академиясы түркі тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін сақтауға, дамытуға және танымал етуге бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді үйлестіреді.

Халықаралық Түркі академиясында осы ұйымға мүше елдердің ғалымдары жұмыс істейді. Академия түркі әлеміне қатысты көптеген халықаралық жобаларды жүзеге асыруда. Осының арқасында көптеген ғылыми кітаптар жарық көрді. Сонымен қатар академия ғылым тұрғысынан түркология мен алтаистиканың негізгі мәселелерін зерттейтін «Алтаистика, түркология және монголистика» халықаралық журналын шығарады. Сондай-ақ, «GLOBAL-Turk» ғылыми-талдау журналы және Еуразияның түркітілдес кеңістігінде болып жатқан әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени және басқа да процестерді кеңінен жариялайтын «Turkic Weekly» апталық бюллетені шығарылады. Сонымен бірге, Түркі Академия «Түркі әлемінің Атласын» дайындап шығарды.

Түркітану бойынша ғылыми зерттеулер саласында Түркітану мен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу; ортақ түркі тарихы мен этнографиясын кешенді оқытуды жүзеге асыру; түркі халықтарының мәдени және рухани мұраларына, олардың әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесіне зерттеулер жүргізу, сондай-ақ әлем жұртшылығын олардың жетістіктері туралы хабардар ету; ортақ әдеби тіл, сондай-ақ барлық түркі халықтары үшін қолданылатын топтастырылған алфавит жасауға ұмтылу; ортақ оқулықтар дайындау мақсатында зерттеулер жүргізу.

2015 жылынан бастап Академия жыл сайын БҰҰ және ЮНЕСКО штаб-пәтерлерінде халықаралық шаралар ұйымдастыруда. 2016 жылғы 28 наурызда Түркі академиясы Нью-Йорк қаласындағы Біріккен Ұлттар ұйымының штаб-пәтерінде «2030 Жоспары үшін Жібек Жолы бойындағы синергия» атты халықаралық симпозиум ұйымдастырды [71, 468 б.].

2020 жылдың 19 қазанында Халықаралық Түркі академиясы ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына арналған «Жібек жолында өркениеттер үндестігі» атты халықаралық форум өткізді [75].

2020 жылдың 21 желтоқсанында Халықаралық Түркі академиясы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ислам ынтымақтастығы ұйымының Тұрақты комитетінің қолдауымен және Пәкістан Ислам Республикасының Президенті Ариф Алвинің қатысуымен Исламабад қаласында ұлы ойшыл Әл-Фарабидің 1150 жыл толуына орай Әл-Фараби жаһандық форумын өткізді. 2021 жылдың 9 ақпанында Түркі академиясы Әлішер Науаидың туғанына 580 жыл толуына орай «Шығыстың жарық жұлдызы» атты жиын өткізді. Сондай-ақ, Академия 2021 жылы наурызда Низами Гәнжаuidің туғанына 880 жыл толуына орай «Шығыстың шоқ жұлдызы» атты жиын ұйымдастырды [37].

Бүгінгі күні Халықаралық түркі академиясы ғылыми-зерттеу жобаларының нәтижесі бойынша 100-ден астам кітап және жүздеген ғылыми мақала жарыққа шығарды. Аталған Түркі академиясының жанындағы қызмет көрсететін Түркі кітапханасында түрк мәдениетінен, тарихынан, ғылыми жетістіктерінен сыр шертетін 50 мыңнан астам кітап сақталуда [50, 278 б.].

2022 жылдың 24 наурызында Прагада қазақстандық ғалым, ағартушы, қоғам және саяси қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, сондай-ақ Алаш қозғалысының мәдени мұрасына арналған дөңгелек үстел өтті. Шара аясында Қазақстан Республикасының Чехиядағы Елшілігінің бастамасымен және Халықаралық Түркі академиясының қолдауымен «Ахмет Байтұрсынов және Алаш» кітабының тұсаукесері өтті. Кітап алғаш рет чех және ағылшын тілдеріне аударылып, оған қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері мен қазіргі ғалымдардың – «Алашоведровтың» еңбектері енген. Қазақ тілінен ағылшын тіліне аударуды Қазақстан Республикасының Ұлттық аударма бюросы жүзеге асырды. Сондай-ақ жиын барысында қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру мәселелері талқыланып, Қазақстанның тәуелсіздік дәуіріндегі жетістіктері туралы сындарлы пікір алмасу болды. Ахмет Байтұрсынұлының ерекше рөлін атап өтті [51].

Сонымен қатар, Халықаралық Түркі академиясы халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың, сондай-ақ түркі әлеміндегі ғылым мен білім саласын үйлестірудің маңызды негізі болып табылатын Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағының Хатшылығы қызметін атқарады. Түркі академиясының халықаралық байланыстарының маңызды бағыттарының бірі – тәжірибелі ғалымдармен тікелей ынтымақтастық және олардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсету. Академия бүгінге дейін 100-ден астам шетелдік түркітанушы ғалымдармен бірлесіп, ауқымды жобаларды жүзеге асыруда. Айта кетерлігі, Академияның халықаралық байланыстары тек түркітілдес елдермен ғана шектелмейді. Ұйым бүгінде Халықаралық академиялар одағының мүшесі бола отырып, Ресей Федерациясының, Азияның және Еуропаның ірі ғылыми орталықтарымен келісімдерге қол қойды. Сондай-ақ Түркі академиясы Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі халықаралық ислам ұйымының бақылаушы мәртебесін алған алғашқы халықаралық ұйым екенін де айта кеткен жөн [52].

Жалпы алғанда, жан-жақты диалогты нығайтуда түркітілдес елдердің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Сарапшылардың пікірінше, түркі халықтарының мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы болашақта серіктестіктің табысты саласы болып қала бермек.

Қорытындылай келе, әлемдік мәдениетті қалыптастыруда ерекше орын алатын түркі мәдениеті туралы көптеген мәліметтер бар. Шығыс пен Батысты, Ежелгі түркі тайпаларының заманынан бері түркі мәдениеті даму барысында көптеген кезеңдерден өтіп, түрлі өзгерістерге ұшырады. Яғни, Түркі мәдениеті дамудың әртүрлі кезеңдерінен өтіп, әлемге әйгілі өркениетке айналды. Бір сөзбен айтқанда, Түркі мәдениеті әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Азия мен

Еуропаны біріктірген бұл мәдениет көптеген басқа мәдениеттердің дамуына ықпал етті. Демек, түркі елдері өзінің мәдени-гуманитарлық, экономикалық әлеуетін нығайтып қана қоймай, халықаралық қатынастар жүйесінде де маңызды орын алуына толықтай мүмкіндігі бар.

Сонымен бірге, бүгінгі таңда, түркі мемлекеттері арасында студенттерге гранттар беру мәселесі өте маңызды болып табылады.

2021 жылғы 31 наурызда ҚР Президенті Қ. Тоқаев Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінде онлайн-форматта сөйлеген сөзінде ортақ мәдени-ағарту кеңістігін қалыптастырудың маңызды екенін атап өтті. Сол арқылы жастардың заман талабына бейімделуіне жол ашылады деді. Оның пікірінше, бұл бастаманы академиялық ұтқырлық, тағылымдама, біліктілікті арттыру мәселелері бойынша университеттер арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіретін «Ұлы түріктер» білім беру қорын құру арқылы іске асыруға болады. Сонымен бірге, ҚР Президенті Қ. Тоқаев бауырлас елдердің жастарын Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде оқыту үшін 50 грант бөлуге дайын екенін айтты. Бұл гранттар «Ясауи атындағы стипендия» деп аталатын болады. Іс-шара барысында, бауырлас мемлекеттер арасындағы мәдени-гуманитарлық және сауда-экономикалық ынтымақтастық және оны одан әрі дамыту мәселесі талқыланған болатын. ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың айтуынша «біздің мақсатымыз түркі әлемін 21-ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыру. Түркі өркениетін жаңғырту, Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен киелі Түркістан қаласын дүниежүзіне танытудан бастау» [53].

Қазіргі әлемдегі гуманитарлық және академиялық өзара іс-қимылдың өзектілігі туралы айта келе, ол Орта ғасырларда іргетасы қаланған Түркістан қаласы археология мен ғылым тұрғысынан әлі толық зерттелмегенін атап өтті.

Түркияда оқығысы келетін студенттер үшін оқу гранттардың стипендиялық бағдарламалардың әртүрлі нұсқалары бар, соның ішінде гранттар: Түркия Республикасының, университеттерден, әр түрлі ұлттық және халықаралық институттар мен ұйымдардың атынан ұсынылады. Сондай-ақ, оның ішінде, атап айтқанда, Шетелдік студенттерге арналған стипендиялық бағдарлама, түркітілдес алты елге қолжетімді арнайы стипендиялық бағдарлама және қара теңіз стипендиялық бағдарлама ұсынады [54]. Жыл сайын Түркия Үкіметі Қазақстан азаматтарына «Түркия стипендиялары» бағдарламасы бойынша Түркияның жоғары оқу орындарында оқуға 200-ге жуық грант береді. Яғни, 2019-2020 жылдары Түркияның жоғары оқу орындарында 2500-ге жуық Қазақстан азаматтары оқып жүр [55].

Қазақстан мен Мажарстан арасындағы Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім аясында, жыл сайын «Stipendium Hungaricum» бағдарламасы бойынша 250 грант бөлінеді (бакалавриат – 110 орын, бакалавриат+магистратура 30 орын, магистратура – 90 орын, докторантура – 20 орын). Оқыту мажар, ағылшын, француз тілдерінде жүргізіледі. 2021 ж. үміткерлердің 1102 жеке ісі қабылданды және өңделді: бакалавриат, бакалавриат+магистратура, магистратура, докторантура бағдарламалары

бойынша. Конкурстық іріктеу нәтижесінде - 250 үміткер негізгі тізімге, 98 үміткер резервтік тізімге кірді. Ал, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім аясында, Әзербайжан Үкіметі Қазақстан азаматтарына жыл сайын 10 білім грантын бөледі: бакалавриат – 5, магистратура – 5 грант. Оқыту әзербайжан, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі. 2021 ж. үміткерлердің 12 жеке ісі қабылданды және өңделді: бакалавриат, магистратура бағдарламалары бойынша. Конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша Әзербайжан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға сегіз үміткер ұсынылды. Ал, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім аясында, Қырғызстан Үкіметі Қазақстан азаматтарына 5 білім гранты беріледі: бакалавриат – 3 орын; магистратура – 2 орын. Оқыту қырғыз және орыс тілдерінде жүргізіледі [56].

Мысалы, Қазақстан мен Өзбекстан арасында білім саласындағы ынтымақтастық бойынша жаңа келісімге қол қойылады деп күтілуде. Бұл туралы 2021 жылғы желтоқсанда Нұр-Сұлтанда өткен кездесуде Қазақстанның Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов пен Өзбекстанның Халыққа білім беру министрі Б. Саидов келіскен болатын. Осыған дейін екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім 1994 жылы қол қойылған болатын [57]. Аталған жаңартылған құжат екі елдің білім саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға өз үлесін қосатыны анық.

Бүгінгі таңда түркітілдес мемлекеттері бір-біріне оқу гранттарын беру мәселесін екіжақты келісім шеңберінде жүзеге асыруда. Бұл дегеніміз түркітілдес елдері арасында студенттерге гранттар берудің бірыңғай ортақ жүйенің әлі әзірленбегендігі. Сол себепті, 2021 жылы құрылған жаңа Түркі мемлекеттері ұйымының шеңберінде, Түркі мемлекеттерінің студенттеріне гранттар берудің бірыңғай ортақ жүйесін әзірлеу мүмкіндігін қарастырған жөн. Мәселен, ТМҰ аясында, әрбір түркі мемлекеті осы ұйымға мүше елдердің студенттеріне жүйелі түрде оқу гранттарын беріп отырса, ол елдер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі арттырады сөзсіз.

2.3 Қазақстанның түркі елдерімен мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы

Қазақстан – барлық түркі жұртының киелі «қара шаңырағы». Қазіргі қазақтың ұлан-ғайыр даласынан дүниежүзінің түкпір-түкпіріне таралған түркі тектес халықтар басқа елдер мен аймақтардың тарихи процестеріне айтарлықтай үлес қосты [58].

Соңғы жылдары Түркі әлемі елдерінің жақындасу үдерісі айқынырақ болуда. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық дәстүрлі түрде түркі интеграциялық жобаларының іргетасын бекіту рөлін атқарады. Түркі интеграциясы идеяларының негізгі тасымалдаушылары әрқашан зиялы қауым, өнер мен мәдениет қайраткерлері болатыны анық.

Қазақстан мен Түркия елдерінің дипломатиялық қарым-қатынастары 1992 жылы 2 наурызда орнатылған болатын [59].

